

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
Мемлекеттік мекеме

2006ж. 05 02

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ

№ 73-1917-А15 куәлік

Алғашқы тіркелген күні

1995ж. 19 09

«Өскемен титан-магний комбинаты»
АҚ акционерлерінің
Жылдық Жалпы жиналысында
2006 жылғы 15 маусымда
БЕКІТІЛГЕН

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
Мемлекеттік мекеме

ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ЕНГІЗІЛГЕН
ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

2006ж. 17 05 тіркелді

№ 73-1917-А5 куәлік

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
Мемлекеттік мекеме

ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ЕНГІЗІЛГЕН
ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

2006ж. 08 06 тіркелді

№ 73-1917-А5 куәлік

«ӨСКЕМЕН ТИТАН-МАГНИЙ КОМБИНАТЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ
/ЖАҢА РЕДАКЦИЯСЫ/

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
Мемлекеттік мекеме

ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ЕНГІЗІЛГЕН
ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

2006ж. 20 06 тіркелді

№ 73-1917-А5 куәлік

Өскемен қаласы
2006 ж.

ПРЕАМБУЛА

Осы Жарғы «Өскемен титан-магний комбинаты» Акционерлік Қоғамының (бұдан ары «Қоғам») құрылтайлық құжаттарын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында қабылданды. Осы Жарғы алдағы уақыттарда қабылданған барлық Жарғыларды ауыстырады.

Қоғам «Мемлекеттік кәсіпорындарды Акционерлік Қоғамдар етіп қайта құру жөніндегі ұйымдастыру шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы Жарлығының негізінде Мемлекеттік мүлік жөніндегі Шығыс Қазақстан аумақтық комитетінің бастамасы бойынша құрылған.

1. ОСЫ ЖАРҒЫДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҮСІНІКТЕР

- 1.1. Аффилиирленген тұлғалар Тікелей және (немесе) жанама түрде шешімдерді айқындауға және (немесе) әрқайсысы (тұлғалардың бірі) қабылдайтын шешімге ықпал етуге, соның ішінде жасалған мәмілеге орай, мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар. Қоғамның аффилиирленген тұлғаларының тізбесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленеді.
- 1.2. Лауазымдық тұлғалар - Қоғамның директорлар Кеңесінің, оның атқарушы органының мүшелері немесе Қоғамның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғалар.
- 1.3. Айқын басым көпшілік - Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының кемінде төрттен үш (3/4) бөлігі мөлшеріндегі көпшілік.
- 1.4. Айырбасталатын бағалы қағаз - Қоғамның шығару проспектісімен айқындалатын талаптар мен тәртіп арқылы оның құнды қағазының басқа түріне айырбасталуға жататын құнды қағазы.
- 1.5. Ірі мәміле - нәтижесінде құны Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызы болатын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы;
- нәтижесінде Қоғам өзінің орналастырылған құнды қағаздарын сатып алуы немесе орналастырылған бір түрдегі құнды қағаздардың жалпы санының 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызы мөлшерінде олардың сатылып алынған құнды қағаздары сатылуы ықтимал мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында ірі мәміле деп танылатын өзге де мәміле ірі мәміле деп танылады.
- 1.6. Кумулятивтік дауыс беру - дауыс беруге қатысушы әрбір акцияға Қоғам органы сайланатын мүшелерінің санына тең дауыс саны келетін дауыс беру тәсілі.

- 1.7 Ірі акционер - бір-бірімен жасалған келісім негізінде әрекет ететін, өзіне (жинақтап алғанда өздеріне) Қоғамның дауыс беретін акцияларының 10 % (он пайыз) және одан да көп пайызы тиесілі акционер немесе бірнеше акционер.
- 1.8 Тәуелсіз директор - Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылмайтын және өзі директорлар Кеңесіне сайланардың алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның сол акционерлік Қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда);
 - Қоғамның аффилиирленген тұлғаларына қатынасы жөнінен аффилиирленген тұлға болып табылмайтын;
 - сол Қоғамның немесе ұйымдардың - сол Қоғамның аффилиирленген тұлғаларының лауазымды адамдарымен бағыныштылығы жағынан байланысты емес;
 - Қоғамның аудитору емес және өзі директорлар Кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай аудитор болмаған; сол Қоғамның аудитіне аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайтын және өзі директорлар Кеңесіне сайланардың алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған директорлар Кеңесінің мүшесі.
- 1.9 Жарияланған акциялар - шығарылуын Қазақстан Республикасының құнды қағаздар рыногы туралы заңдарына сәйкес уәкілетті орган тіркеген акциялар.
- 1.10 Туынды құнды қағаздар - осы туынды құнды қағаздардың базалық активтеріне қатысты құқықтарын куәландыратын құнды қағаздар.
- 1.11 Қоғамның тіркеушісі - Қоғамның құнды қағаздарын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйым.
- 1.12 Қоғам мүдделі мәмілелер - Қоғамның аффилиирленген тұлғалары мәміленің тараптары болып табылатын немесе уәкіл не делдал ретінде қатысатын мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы;
 - Қоғамның аффилиирленген тұлғалары мәміленің тараптары болып табылатын немесе уәкіл не делдал ретінде қатысатын заңды тұлғалардың аффилиирленген тұлғалары болып табылатын мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында мәміле деп танылатын өзге де мәміле мәміле деп танылады.
- 1.13 Бұқаралық ақпараттар құралдары - Қоғамның әрекетіне қатысты ақпарат республикалық «Қазақстанская правда» газеті және Шығыс-Қазақстан облыстық «Рудный Алтай» газетінде жарияланады.

2. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ

2.1 Қоғамның қазақ тілінде толық атауы: **«Өскемен титан-магний комбинаты» Акционерлік қоғамы;**

2.2 Қоғамның қазақ тілінде қысқартылған атауы: **«ӨТМК» АҚ;**

- 2.3 Қоғамның орыс тілінде толық атауы: **Акционерное общество «Усть-Каменогорский титано-магниевый комбинат»;**
- 2.4 Қоғамның орыс тілінде қысқартылған атауы: **АО «УКТМК»;**
- 2.5 Қоғамның ағылшын тілінде толық атауы: **Ust-Kamenogorsk Titanium Magnesium Plant Joint Stock Company;**
- 2.6 Қоғамның ағылшын тілінде қысқартылған атауы: **UK TMP JSC.**
- 2.7 Қоғам мен оның атқарушы органның орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, 070017, Өскемен қаласы ӨТМК АҚ.

3. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

- 3.1 Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, осы Жарғының және Қоғамның ішкі нормативті құжаттарының негізінде әрекет ететін заңды тұлға болып табылады.
- 3.2 Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестіктің негізінде жүзеге асады.
- 3.3 Қоғамның дербес балансы, банкалық және басқа шоттары, атауы көрсетілген мөрі бар.
- 3.4 Қоғамның, үлгілері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте бекітілген және тіркелген өз тауарлық белісі және символикасы болуы мүмкін.
- 3.5 Қоғам қызметінің уақыты шектелмеген.

4. ҚОҒАМНЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗАТЫ.

- 4.1 Қоғам қызметінің мақсаты табыс түсіру болып табылады.
- 4.2 Қоғам қызметінің заты:
- 4.2.1 түрлі -түсті металдар өндіру және сату;
 - 4.2.2 қосалқы өнімдерді өндіру және сату;
 - 4.2.3 халық тұтынатын тауарларды өндіру және сату;
 - 4.2.4 сыртқы экономикалық қызмет;
 - 4.2.5 инвестициялық қызмет;
 - 4.2.6 мемлекеттік ұйымдарға, заңды және жеке тұлғаларға қызмет көрсету және жұмыс атқару;

4.2.7 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызметтер.

4.3 Қоғамның лицензияны талап ететін қызметі, керекті лицензия алынғаннан кейін іске асады.

5. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

5.1. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құқықтары мен міндеттеріне ие.

5.2 Қоғамның, акционерлердің мүлкінен тыс, өз мүлкі болып, олардың міндеттері бойынша жауапкершілікте болмайды. Қоғам өз мүлкінің шегінде міндеттері бойынша жауапкершілікте болады.

5.3 Қоғам өз атынан мәмілелер (келісімдер, контракттар) бекіте алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алып жауапкершілікте болалады, сотта талапкер немесе жауапкер болалады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттер істей алады.

5.4 Қоғам, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте, Қазақстан Республикасының және шетел аумағындағы басқа барлық меншіктік түріндегі заңды тұлғаларымен бірлестіктерге түсуге, құрылтайшы болуға, Қазақстан Республикасының және шетел аумағындағы басқа шаруашылық субъектілердің қатысушысы болуға құқылы.

5.5 Қоғам, шетелде шаруашылық қызмет атқаруға құқылы, соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдік мемлекеттерде бірлескен кәсіпорындарды, халықаралық бірлестіктерді және ұйымдарды шетелдік заңды және жеке тұлғалардың қатысуымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылуына және қызметіне қатысуына құқылы.

5.6 Қоғам, облигациялар және басқа құнды қағаздар шығаруға және оларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасыда қарастырылған тәртіпке сәйкес таратуға құқылы.

5.7 Қоғам, Қазақстан Республикасының және шетел аумағында өз филиалдарын ашып, оларды өз меншігінің есебінен негізгі және айналымды қаражаттармен қамтуға, және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметінің тәртібін белгілейтін ережені бекітуге құқылы. Филиалдың немесе өкілеттіліктің мүлкі Қоғам балансында есепке алынады.

5.8 Филиалдың немесе өкілеттіліктің қызметімен басшылық сенімхат негізінде әрекет ететін, Қоғамның уәкілетті органымен тағайындалған тұлғалармен іске асады.

5.9 Қоғам, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған басқа да құқықтарын іске асыруы мүмкін.

6. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

6.1 Қоғам акционерлері болуға Қазақстан Республикасының резиденттері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектеулерінің есебімен резидент емес тұлғалар құқылы.

6.2 Қоғам акционерінің:

6.2.1 осы Жарғыда, Қоғамның ішкі нормативті құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

6.2.2 дивидендтер алуға;

6.2.3 Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысында және/немесе Қоғамның осы Жарғысында белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;

6.2.4 Тіркеушіден немесе нақтылы ұстаушыдан оның құнды қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

6.2.5 Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар Кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;

6.2.6 Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;

6.2.7 Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

6.2.8 Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

6.2.9 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да құнды қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

6.2.10 Сенімхат негізінде өкілге (өкілдерге) акциямен берілетін құқықтарды (барлығын немесе олардың бөлігін) беруге құқығы бар.

6.3 Ірі акционердің, сондай-ақ:

6.3.1 акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар Кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

6.3.2 Директорлар Кеңесіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

6.3.3 Қоғамның Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

6.3.4 өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

6.4 Қоғамның артықшылық акциялары бар акционерлер жай акциялары бар акционерлер алдында алдын - ала кепілденген көлемде, осы Жарғымен бекітілген дивиденттер алуға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тәртіпте Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне басымды құқығы бар.

6.5 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында акционерлердің өзге де құқықтары көзделуі мүмкін.

6.6 Қоғамның акционері:

6.6.1 осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;

6.6.2 осы акционерге тиесілі акцияларды Тіркеуші мен нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы 10 (он) күн ішінде хабарлауға;

6.6.3 Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

6.6.4 Жарғыда және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

7. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ

7.1 Қоғамның мүлкі Қоғам қызметін, соның ішінде сондай қызмет нәтижесінде пайда болған міндеттемелерді қамту үшін арналған.

7.2 Қоғамның мүлкі келесі көздерден құрылады:

7.2.1 Жарғы капиталына жарналардан;

7.2.2 қызметтің нәтижесінде алынған табыстардан;

7.2.3 құнды қағаздар табыстарынан;

7.2.4 Қазақстан Республикасының заң актілерімен тыйым салынбаған басқа да көздерден.

8. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

8.1 Қоғамның Жарияланған акцияларының саны мен түрі туралы ақпарат Қоғам акцияларының проспектісінде көрсетіледі. Қоғамның Жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылтайшылар мен инвесторлардың акцияларды төлеу арқылы құрылалы.

8.2 Қоғамның Жарғылық капиталы акцияларды сату есебінен төленеді.

8.3 Директорлар Кеңесінің шешімімен орналастыруға көзделген акцияларды толық немесе жартылай төлеу алдын-ала қарастырылуы мүмкін. Қоғам орналастырылатын акциялардың толық төленуіне дейін, Қоғам акцияларын ұстаушылары тізілімінің жүйесінде осы акцияларды алушының есебіне қосу туралы бұйрық шығаруға құқылы емес.

8.4 Қоғамның Жарғылық капиталын ұлғайту акционерлердің Жалпы жиналысының немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттың шешімімен Қоғамның Жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады

9. РЕЗЕРВТЕГІ КАПИТАЛ ЖӘНЕ БАСҚА ҚОРЛАР

- 9.1 Шығындарды өтеу үшін, Қоғам Жарғылық капиталдың 25 % (жиырма бес) пайызынан кем емес көлемде, Қоғамның резервтегі капиталын құруға құқылы. Резервтегі капиталдың қаражатын пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленеді. Резервтегі капиталға жыл сайынғы төлем көлемі акционерлердің Жалпы жиналысымен белгіленеді. Егер қандай да болсын төлеу нәтижесінде, Қоғамның резервтегі капиталы Жарғымен белгіленген көлемнен кем болған жағдайда, Қоғам резервтегі қорды толықтыру үшін төлемді жаңғыртуға міндетті.
- 9.2 Салықтарды, міндетті жиындар мен бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төлемдер төлеуден кейін қалған пайда Қоғамның толық өкіміне түседі және дербес қолданылады.
- 9.3 Қоғамда басқа қорлар құрылуы мүмкін (жинақтау қоры, өндірістік емес шығыстар қоры және басқалар). Қоғамның осындай қорларының тізбегі, құқықтық режимі, қалыптастыру және пайдалану тәртібі, сондай – ақ, Қоғам қорлары бойынша кірісті бөлу нормативтері Директорлар Кеңесінің, артынан акционерлердің Жалпы жиналысының бекітумен белгіленеді.

10. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫ. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫН ҰСТАУШЫЛАР ТІЗІЛІМІНІҢ ЖҮЙЕСІ.

- 10.1 Қоғам, шығарылымы Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген акцияларды, халықаралық облигацияларды, басқа да облигацияларды шығаруға құқылы. Қоғамның құнды қағаздардың шығарылымы, орналастыруы тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасынамен және осы Жарғымен анықталады. Қоғам айырбасталатын құнды қағаздар шығаруға құқылы.
- 10.2 Қоғам жай акциялар, не жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.
- 10.3 Қоғаммен шығарылатын және оның акционерлер құқығына байланысты дивиденд түрінде табыс алуға және Қоғам қызметімен басқаруына қатысуға, сондай-ақ оны таратқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігіне құқығына куәландыратын құнды қағаз акция болып табылады.
- 10.4 Қоғам, опциондар заты болып табылатын акциялары оның Жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырмашылықтан көп болмаған шартта, Қоғаммен шығарылатын акцияларды иеленуге опциондар жасауға құқылы.
- 10.5 Қоғамның құнды қағаздар кепілдігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асады.
- 10.6 Жай акциялары бар Қоғам акционері, басқа жағдай кепілдік келісімімен қарастаралмаған кезде, кепілдікке берілген акцияларымен дауыс беруге құқылы.

10.7 Қоғамның құнды қағаздарын ұстаушылардың тізілімі жүйесін құрастыру, жүргізу және сақтау Тіркеушімен құнды қағаздар рыногі туралы заңнамаға сәйкес іске асады.

10.8 Тіркеуші, Қоғамның және оның аффилирленген тұлғаларының, аффилирленген тұлғасы емес.

10.9 Құжатсыз құнды қағазға құқығын растау, Тіркеушімен немесе жай ұстаушымен құнды қағаздар ұстаушыларының тізілімі жүйесінен көшірме беру арқылы немесе жай ұстаушының шотынан көшірме беру арқылы іске асады.

10.10 Қоғам тек Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда ғана кепілдікке оның орналастырылған құнды қағаздарын ала алады.

10.11 Акция иелері 2 (екі) немесе одан көп жыл ішінде:

10.11.1 акциялармен берілген құқықтарымен пайдаланбаса; және

10.11.2 қолданыстағы заңнамамен және Жарғымен берілген акционерлер міндеттемелерін орындамаған; немесе

10.11.3 өз акцияларын иеленуге және қолдануға құқығын сақтауға ниеттенбеген иелердің басқа да әрекеттері

болған жағдайда, Қоғам, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, сондай акцияларды иесіз деп жариялап, кейін оларды жоққа шығару, сату немесе қайта бөлу мақсатымен сотқа өтінішпен баруға құқылы.

11. ДИВИДЕНТТЕР

11.1 Жыл сайынғы төлемге міндетті Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтің кепілдікті мөлшері бір артықшылықты акцияға 5 (бес) теңге құрайды.

11.2 Артықшылықты акциялары бойынша есептелетін дивидендтің мөлшері жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтің мөлшерінен кем болмауға тиіс. Артықшылықты акциялар иелеріне тиісті төлемдер төленіп болғанша, жай акциялар бойынша дивиденттер төлемі төленбейді.

11.3 Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялары бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивиденттер есептелмейді және төленбейді.

11.4 Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер төлеу акционерлердің Жалпы жиналысымен, директорлар Кеңесінің ұсынысы бойынша жүзеге асырылады. Дивиденттер мөлшері Қоғамның Директорлар Кеңесі ұсынған мөлшерінен көп болмау керек.

11.5 Артықшылықты акциялар бойынша дивиденттерді қоспағанда, Қоғамның акциялары бойынша дивиденттер, акционерлердің Жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен дивиденттер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда, ақшалай немесе қоғамның құнды қағаздарымен төленеді.

11.6 Қоғам жарияланған дивиденттерді төлеуге міндетті.

11.7 . Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді акционерлерге – жеке тұлғаларға төлеу Қоғам қассасында қолма-қол ақшамен, сонымен қатар олардың өтініші бойынша қолма-қол ақшасыз төленуі мүмкін. Заңды тұлғалар – акционерлерге дивиденттер төлеу қолма-қол ақшасыз олардың Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде көрсетілген есеп шоттары арқылы төленеді. Жыл қортындысы бойынша акционерлерге дивиденттер төлеу, акционерлердің Жалпы жиналысы бекіткеннен кейін 2 (екі) айдан кем емес уақытта жүзеге асу тиіс.

11.8 Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша дивиденттер бірінші тоқсан, жартыжылдық, 9 (тоғыз) ай, қаржылық жыл және (немесе) қаржылық жыл қорытындысы бойынша төленеді. Бірінші тоқсан, жартыжылдық және қаржылық жылдың 9 (тоғыз) айы қорытындысы бойынша дивиденттер төлеу шешімі (хабарландыруы) осы кезеңнен 3 (үш) ай өткен соң қабылдануы мүмкін. Жылдық дивиденттер Қоғамның акционерлерінің Жалпы жиналысымен жыл қорытындысы бойынша жарияланады.

11.9 Қоғамның жай акциялары бойынша жыл қорытындысы бойынша дивиденттер төлеу туралы шешімді акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдайды. Тоқсанның қорытындылары бойынша дивиденттерді төлеу директорлар Кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Акционерлердің Жалпы жиналысы және директорлар Кеңесі жай акциялары бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешімді, оны бұқаралық ақпараттар құралдарында 10 (он) күн ішінде міндетті түрде жариялап, қабылдауға құқылы. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешімі, мұндай шешім қабылданғаннан кейін ақпараттар құралдарында 10 (он) күн ішінде міндетті түрде жариялануы тиіс. Жай акциялар бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешімнің көлемі келесі мағлұматтардан тұру керек:

11.9.1 Қоғамның атауы, орналасқан орны, банктік және басқа реквизиттері;

11.9.2 Дивиденттер төлеу кезеңі;

11.9.3 Бір жай акция есебінде дивидент төлемінің мөлшері;

11.9.4 Дивиденттер төлеу күнінің басталуы;

11.9.5 Дивиденттер төлеудің тәртібі және түрі.

11.10 Дивиденттер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивиденттер төлеу күнінің алдыңғы күніне құралу керек.

11.11 Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша:

11.11.1 өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивиденттер есептеу нәтижесінде теріс болса;

11.11.2 егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе, не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивиденттер төлеу нәтижесінде пайда болса;

дивиденттер төлеміне жол берілмейді.

11.12 Акционерлермен алынбаған дивиденттерге пайыздар есептелмейді.

12. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ МЕН АУДИТІ

12.1 Қоғамның қаржылық есептілігі қоғамның бухгалтерлік балансын, кірістер мен шығыстар туралы есебін, ақша қозғалысы туралы есепті және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңдарына сәйкес өзге де есептілікті қамтиды.

12.2 Қоғамның қаржылық жылы күнтізбелікпен сәйкес келеді.

12.3 . Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңдарымен және бухгалтерлік есептің стандарттарымен белгіленеді.

12.4 Атқарушы орган жыл сайын акционерлердің Жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет жөніндегі заңдарына сәйкес жасалған өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті табыс етеді. Жылдық қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңдарына және халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес жасалады. Жылдық қаржылық есептілікті Директорлар Кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысы өтетін күнге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс. Атқарушы орган қаржылық есептіліктен басқа Жалпы жиналысқа аудиторлық есепті табыс етеді.

12.5 Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында жүргізіледі.

12.6 Қоғам жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында уәкілетті орган белгілеген мерзімде бухгалтерлік балансты, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті және кірістер мен шығыстар туралы есепті жариялап отыруға міндетті.

12.7 Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті.

12.8 Қоғамға аудит Директорлар Кеңесінің, атқарушы органның бастамасы бойынша Қоғам есебінен, не Ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі. Егер Қоғамның атқарушы органы Қоғамға аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

13. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

13.1 Қоғамның органдары болып:

13.1.1 жоғарғы орган - акционерлердің Жалпы жиналысы;

13.1.2 басқару органы – Директорлар Кеңесі;

13.1.3 атқарушы орган – Басқарма болып табылады

13.2 Қоғамның талабы бойынша, құрылу тәртібі мен құзырлығы Қоғамның Жалпы жиналысымен бекітілген, ішкі нормативті құжаттарымен анықталған басқа да органдар құрылуы мүмкін.

14. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

14.1 Қоғамның жоғарғы органы - акционерлердің Жалпы жиналысы болып табылады.

14.2 Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

14.2.1 Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;

14.2.2 Қоғамның корпоративтік басқару кодексін қабылдау, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

14.2.3 Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

14.2.4 Қоғамның Жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған Жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

14.2.5 есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

14.2.6 Директорлар Кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

14.2.7 Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

14.2.8 жылдық қаржы есептілігін бекіту;

14.2.9 Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

14.2.10 Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар туындаған кезде Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

14.2.11 Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 % (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

14.2.12 акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;

14.2.13 Қоғам акцияларды 13.05.2003 ж. Қазақстан Республикасының № 415-2 «Акционерлік Қоғамдар туралы» Заңына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесін бекіту;

14.2.14 акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

14.2.15 акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралын анықтау;

14.2.16 "алтын акцияны" енгізу және оның күшін жою;

14.2.17 шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы және Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер, немесе акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарастыру және шешімдер қабылдау.

Осы Жарғының 14.2.1-14.2.4 тармақшаларында аталған мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады. Басқа мәселелер бойынша шешімдер Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілігімен қабылданады.

Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде дауыс беру Кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асады.

14.3 Акционерлердің Жалпы жиналысы, Қоғамның ішкі қызметіне қатынасты басқа органдардың кез-келген шешімін тоқтатуға құқылы.

14.4 Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық Жалпы жиналыстарын өткізеді. Акционерлердің басқа Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып саналады. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу күн, уақыт және орны Қоғамның Директорлар Кеңесімен белгіленеді.

14.5 Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар Кеңесімен шақырылады. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы қаржылық жылдың аяқталғанынан кейін 5 (бес) ай ішінде өткізілуі тиіс. Белгіленген уақыт Қоғам қызметінің есептілігі кезеңінің аудиті аяқталмаған жағдайда 3 (үш) айға дейін уақытқа шегіндірілген болып саналады. Кезектен тыс акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар Кеңесінің, Қоғамның Ірі акционерінің бастамасымен шақырылады.

14.6 Акционерлердің Жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі, Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін белгіленеді, сонымен қатар басқа да мәселелер қарастырылады.

14.7 Акционерлердің Жалпы жиналысын дайындау және өткізу Қоғамның Басқармасымен, бекітілген келісімге сәйкес Тіркеушімен, Қоғамның Директорлар Кеңесімен, Қоғамның тарату комиссиясымен жүзеге асады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғамның Тіркеушісі есеп комиссиясының функцияларын атқаралады.

14.8 Акционерлерге алда Жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей, жазбаша хабарлама жіберу арқылы және/немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы жеткізілуге тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысы туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мағлұматтарды қамту тиіс.

14.9 Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде Қоғамның Тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні Жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.

14.10 Акционер акционерлердің Жалпы жиналысына жеке өзі, немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет ететін, өз өкілі арқылы қатысуға құқылы. Акционерлердің Жалпы жиналысында Қоғамның Басқарма мүшелері акционерлер өкілдері ретінде қатысуға құқығы жоқ.

14.10.1 Егер акционер акционерлердің Жалпы жиналысына жеке өзі қатыса алмаған жағдай туындаса, ол өз атынан әрекет ететін Уәкілетті өкілін тағайындауға құқылы. Уәкілетті өкілдің өкілеттілігі, тағайындалынған тұлғамен бірдейлестіріліп, сенімхатта бекітілуі керек. Мұндай сенімхат нотариалды куәлікпен жазбаша түрде акционерлердің Жалпы жиналысы күнінен 20 (жиырма) күннен көп емес уақытта берілуі тиіс. Акционер немесе оның Уәкілетті өкілі акционерлердің Жалпы жиналысының бірінде қатыспаған жағдайда, ондай акционер дауыс беруге қатысу құқығынан айырылады.

14.11 Егер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде, оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда 50 (елу) және одан да көп пайызын иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

14.11.1 Акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналысы орнына қайталап өткізілетін Жалпы жиналысы, егер:

14.11.1.1 кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

14.11.1.2 тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда 40 (қырық) және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

14.12 Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарға сәйкес, не акционерлердің Жалпы жиналысының тікелей шешіммен белгіленеді.

14.13 Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционерлердің Жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады. Акционерлердің Жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың Төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, "бір акция - бір дауыс" принципі бойынша жүзеге асырылады.

14.14 Акционерлердің Жалпы жиналысы дауыс беру түрін белгілейді – ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша). Қоғам Басқармасының мүшелері акционерлердің Жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

14.15 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар Кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны Қоғам акционерлеріне Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірілмей хабарланған жағдайда, Ірі акционер немесе Директорлар Кеңесі күн тәртібін толықтыруы мүмкін. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Қоғамның жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады. Акционерлердің қайталап өткізілетін Жалпы жиналысы күн тәртібінің акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауға тиіс.

14.16 Егер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысатын және Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде 95 % (тоқсан бес) пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізуді жақтап дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру:

14.16.1 Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді;

14.16.2 бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді;

14.16.3 акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, "бір акция - бір дауыс" принципі бойынша жүзеге асырылады.

14.17 Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған мәселелр бойынша ақпараттарды қамтуға тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Аталған құжаттар Қоғамның Басқармасында сақталуға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған акционерлердің Жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

14.18 Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру, дайындау және жүргізу шығындарын, егер заңнамамен басқасы қарастырылмаса, Қоғам көтереді.

14.19 Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не

акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

14.20 Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады). Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен Қоғамның дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқығы жоқ. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күннен бұрын 45 (қырық бес) күннен кешіктірмей жіберілуге тиіс.

14.21 Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары орындалу тиісті

15. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

15.1 Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар Кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

15.2 Мынадай мәселелер Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:

15.2.1 Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;

15.2.2 акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

15.2.3 Жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

15.2.4 Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да құнды қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

15.2.5 Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

15.2.6 жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және есепті қаржы жылы үшін төленетін дивидендтерді қоспағанда, бір жай акцияға төленетін дивидендтің мөлшерін айқындау туралы шешімдер қабылдау;

15.2.7 Қоғамның облигацияларын және туынды құнды қағаздарын шығару талаптарын айқындау;

15.2.8 Директорлар Кеңесінің комитеттерін құру;

15.2.9 Директорлар Кеңесі Төрағасының ұсынысы бойынша Қоғамның корпоративті хатшысын бекіту;

15.2.10 Қоғам Басқармасының сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

15.2.11 Қоғам Басқармасының Президенті мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

15.2.12 ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

15.2.13 бағалаушы мен аудиторлық ұйым көрсеткен қызметтерге төленетін ақының мөлшерін айқындау;

15.2.14 Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғам Басқармасы қабылдайтын құжаттар қосылмайды);

15.2.15 Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15.2.16 Қоғамның басқа ұйымдарды құруы және олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

15.2.17 Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің 10 % (он) және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;

15.2.18 бұрынғы Тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның Тіркеушісін сайлау;

15.2.19 Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

15.2.20 Ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

15.2.21 Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Жарғыда көзделген, акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

15.3 Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелерді Қоғам Басқармасының шешуіне берілмейді. Қоғамның жарғысына сәйкес оның Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар Кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

15.4 Директорлар Кеңесінің мүшелері акционерлердің Жалпы жиналысымен 5 (бес) адам санында сайланады және осы Жарғымен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте, бұрын сайланған Директорлар Кеңесінің мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар Кеңесінің мүшелері акционерлердің Жалпы жиналысымен қайта сайланады. Директорлар Кеңесінің мүшелері 3 (үш) жылға сайланады.

15.5 Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидатты жақтап толық дауыс беруге немесе оларды Директорлар Кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын алған кандидаттар Директорлар Кеңесіне сайланған болып есептеледі.

15.6 Акционерлердің Жалпы жиналысы Директорлар Кеңесінің барлық немесе бөлек мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

